Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасы

# «Тілім менің-тірегім»

(шығармашылық кеш)

Кәсіподақ төрайымы: А.Д.Сатаева
Қазақ тілі қоғамының төрайымы: Г.С.Косанова

2022 жыл, қыркүйек.

## Ахмет Байтұрсынұлы 150 жыл толуына орай,өлеңдерін мәнерлеп оқу.(Ұжыммен)

Түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген.
Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Ал әкесінің інісі – Ерғазы кішкентай Ахметті Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне оқуға берген.
Тоғыз жасында орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. 1895 жылы педагогикалық кеңестің шешімімен "бастауыш училищенің оқытушысы" деген атақты алып шығады.
1895 жылы жас Ахметтің оқытушылық қызметі басталады. 1909 жылға дейін ол Ақтөбе, Қостанай мен Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде сабақ беріп, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші мен оқытушы қызметін қоса атқарып жүрді.
Омбыда екі жыл бойы Торғай облысы Халықтық училище директорының іс жүргізуші лауазымында жұмыс істеді.










**1.Ахмет Байтұрсынов (Малшы мен маса)**
**Оқитын: Айман Бектұрғанқызы**



**2.**Қан жылаған қазақ баласына өлеңдері арқылы демеу берген Ахмет Байтұрсынұлының әр туындысы жоғары бағаға ие. Әсіресе, 1911 жылы Орынборда жарық көрген **"Маса"өлеңдер** жинағына ақынның қазақ халқының өткені, бүгіні мен ертеңі жайлы жазылған өлеңдері енген.
**Оқитын: Әсел Урынбаевна**



**3."Қазақ қалпы"**өлеңінен ақынның алаштың өткен күніне деген сағынышын және Ресей мемлекетінің билігінен кейінгі қазақтың жағдайына деген күйінішін байқауға болады.
**Оқитын: Эльмира Тугелбаевна**



4.XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы, **"Достыма хат"** деген өлеңінде қоғам әділетсіздігін суреттеп, ақшаға, абыройын арын сатқан адамдарды сынаған. "Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр" деген өлең жолдарынан ақынның азаттықтың таңы үшін қиын-қыстау кезеңді басынан өткеріп жүргені байқалады.
**Оқитын: Алиса Абаевна**



**5.**Қазақ халқы балаларын молдаларға беріп оқытқан. Қазақ елінің озат ұлдары тек молдадан білім алып қоймай, Ресей мемлекетіне барып жоғары оқу орындарында оқи бастады. Әрине, елде орысша білім алған азаматтар сынағандар болды. Бұл туралы ақынның **"Ғылым"** деген өлеңінде жазылған.
**Оқитын: Айнагүл Кубаевна**



**6.** Ахмет Байтұрсынұлының абақтыда отырып анасына жазған сезімге толы "**Анама хат"** атты өлеңі ақын туындыларының маржан деп те айта аламыз.**Оқитын: Патшагүл**




**7.** Ахмет Байтұрсынұлы **"Ойлар"** атты өлеңінде өзі қайтыс болса да, ерен еңбегінің өлмейтінін жазған.**Оқитын:Айнур**



**8.** Ақын **"Замандастарыма"** деген өлеңінде кенестерімен бөліскен.**Оқитын:Гүлден Серікқызы**




**9.** Халық ағартушысы орыстың мықты ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Ол **"Қыздар дейсің, мәжілісті жан дейсің"** деген А.С.Пушкиннің туындысын ана тіліне аударып, өзінің шеберлігін тағы да бір мәрте дәлелдеген.**Оқитын:Жаңылсын Егінбаевна**



**10.** Ақын И. А. Крыловтың **"Зеркало и обезьяна"** деген мысал өлеңін **"Айна мен маймыл"** деп қазақ тіліне аударған **Оқитын: Балауса Өтегенқызы**



**Ән: «Ана тілім тұғырым»Орындайтын: Амангүл Рахметдуллаевна, Амангүл Такировна.**

